

Қаралды пед. кеңесте  
№ 1 «28» 28 2020ж

Бекітемін: Б.Ержанов  
Сұлуқол ЖОББМ-нің директоры

Келісім: Жарымбетов.К.Д  
Аудандық Ғылым бөлімінің басшысы



Тақырыбы:  
« Ертегілер елінде »  
МАД сыныбы

Орындалы: Урдашева Г.  
Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі  
Ә/Б отырысында  
қаралды: Omj  
(Ә/Б жетекшісі)  
№ 01 хаттама 28 күні 08 айы, 2020ж.  
Тексерілді: AK Утегенова А.  
Оқу ісінің орынбасары

## Түсінік хат.

Жалпы білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып есептелетін мектепке дейінгі ұйымдарда және отбасында баланы мектепке дайындау бүгінгі таңда кезек құттірмейтін өзекті мәселердің бірі. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу мен қатынас арасындағы етіп дайындау аса маңызды міндет. Қазіргі мектептің бірінші сыныбына келген балалар ерік – жігерлері күшті, еңбек сүйгіш қасиеттері мол, жұмыс қабілеттері жоғары, арнайы білімдік және икемділік сипаттары көз түсерліктей болуы қажет.

Сондықтан мектепалды даярлау бағдарламасының ең алғашқы басты міндеті балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын дамытып, есте сақтау қабілеттерін, өрісін, дүние танымын, эстетикалық сезімін қалыптастыру.

Балалар өз өмірінде кездескен нақты жағдайларды әңгімелеп беруін, ертегілерді өз бетінше оқылған көркем әдебиеттегі тақырыптарды араластырып айтуын, суреттерді нақты заттарды, хайуанаттарды, өсімдіктерді суреттей білуге, әңгімелеуге үйрету.

**Мақсаты:** Шағын көлемдегі ертегілердегі ерекшеліктер арқылы биік адамгершілік қасиеттерді жалқаулық, қорқақтық, менмендік сияқты жағымсыз қалыптарды түсінуін қалыптастыру. Оқылған ертегіні әсерлі, сенімді түрде тыңдаушыларға жеткізу. Сөздік қорын тіл байлығын дамыту.

**Міндеттері:** Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндетті толық атқаруды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауға үйрету. Оқылған таныс әңгіме ертегілерді өз бетінше құрастырып, оқылған көркем әдебиеттегі тақырыптарды алмастырып айтуын қалыптастыру. Сөздің эмоционалдық мәнерлігін түсінуге үйрету.

Көркем шығармаларды мәнерлеп оқылған орфоэпиялық нормаларды дұрыс ұстану, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлу, тілдік сезімді дамыту.

**Күтілетін нәтиже:** Ертегі кейіпкерлерінің ролін орындауға икемді болуға дамытып, ертегі барысында үнемі өзгеріп ролдерді ойнай білуге дағдыландырту. Ұсынылған ертегілер баланың меңгеруіне берілген сұрақтар, тапсырмаларды дұрыс орындауына бағыт – бағдар берілсе, олардың көркем әдебиет құнарынан нәр алу жағына жете көңіл бөлінсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Тәрбиеленушілердің арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптасады.

## Мазмұндық бөлім

### 1. Хайуанаттар туралы ертегілер – 12 сағат

Хайуанаттар туралы ертегілер бөлімінде балалар хайуандар туралы қызықты ертегілермен танысады. Ертегі кейіпкерлерінің мінездеріне карап, жақсылық жасай білуге, жайандықтан жиренуге, достыққа, бауырмалдылыққа тәрбиеленіледі.

### 2. Қиял – ғажайып ертегі – 20 сағат

Қиял – ғажайып ертегілерді тыңдау барысында қиялдарына ерік беріп, ғажайып оқиғаларға қызығушылығы оянады. Өмірде әділдік, қайырымдылық, қамқорлық деген жақсы қасиеттердің әрқашанда зұлымдықты жеңетіне сенеді. Адалдыққа, жақсылыққа талпынады.

### Ақпараттық әдістемелік бөлім

а) Сабакты қызықты әрі тиімді өткізу барысында дамыта оқыту технологиясын қолданамын. Бүлдіршіндердің ойлауын, зейіндерін, байқағыштық қабілетін дамытамын.

Ертегілер елінде бағдарламасы арқылы балаларды жақын тартып өздерін сахналау арқылы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз бейнелерін келтіріп рольдер бойынша қатыстыру арқылы таныту. Бұл бағдарламада балаларды образға ене білуге үйрету, бүтін мәтінді нақышына келтіріп баяндай білуге үйрету, яғни монолог ұғымымен таныстыру, конференсье - жүргізуші туралы ұғым беру зейін қоя білуге, өз ойларын актуализациялай білуге үйрету. Танымдық қызығушылықтарын арттыру, тіл мәдениетін, сөздік қорын молайту.

Ертегілер елінде бағдарламасы мектепалды даярлық сыныбына келетін балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне шақталып алынған.

ә) Тәрбиеленушілерді бағалау әдістері:

Бүлдіршіндердің өзін – өзі бағалауға өзгенің еңбегін бағалауға, топтық бағалау жүйесін қолданамын. Әр ертегіні рөлге бөліп ойнаған сайын мақтап мадақтап әрі қарай қызығушылықтарын ояту мақсатында түрлі көрністер қойып қызықтырамын. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көре білу және бағалау, ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру. Ертегі кейіпкерлері мен жануарлардың іс әрекеттеріне мән беруге өз ойын еркін жеткізуге тәрбиелеу.



№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Сағ	Күні
	<b>Хайуанаттар туралы ертегілер – 12 сағат</b>				
	Хайуанаттар туралы ертегілер бөлімінде балалар хайуандар туралы қызықты ертегілермен танысады. Ертегі кейіпкерлерінің мінездеріне қарап, жақсылық жасай білуге, жаман-дыктан жиренуге, достыққа, бауырмалдылыққа тәрбиеленіледі.				
1	Ақымақ қасқыр	Оқушыларды ертегі кейіпкерлері мен таныстырып ойын еркін айтуға үйрету.	Қасқырдың бетпердесі	1	7.09
2	Қысқы баспана	Ертегіні оқып беріп түсіндіру, түсінігін балалардан сұрау	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	14.09
3	Мақтаншақ қоян	Оқушыларды ертегі кейіпкерлері мен таныстырып ойын еркін айтуға үйрету.		1	21.09
4	Қайрымды қоян	Ертегіні оқып беріп түсіндіру, түсінігін балалардан сұрау		1	28.09
5	Үш аю	Ертегі туралы түсінігін кеңейту.		1	5.10
6	Күшік мысық тышқанның достығы	Тіл байлығын дамыту. Ертегіні оқып беріп түсіндіру, түсінігін балалардан сұрау	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	12.10
7	Түлкі мен ешкі	ертегіні толық түсініп, баяндап айтуға үйрету.	Түлкінің, ешкінің үстел үсті суреті.	1	19.10
8	Арыстан мен түлкі	Ертегіде кездесетін хайуанаттар мінез құлқын, іс - әрекеттерін түсінуге тәрбиелеу.		1	26.10
9	Қу түлкі	Ертегінің мазмұнын ашып балаларға тыңдату.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	02.11
10	Арыстан мен түлкі	Балалардың білетін ертегісін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	16.11
11 12	Аю мен түлкінің достығы	Ертегіні тыңдап жетекшінің сұрағына толық жауап беруге үйрету.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	2	23-30
	<b>Қиял – ғажайып ертегі</b>				
	<b>20 сағат</b> Қиял –ғажайып ертегілерді тыңдау барысында қиялдарына ерік беріп, ғажайып оқиғаларға қызығушылығы оянады. Өмірде әділдік, қайырымдылық, қамқорлық деген жақсы қасиеттердің әрқашанда зұлымдықты жеңетіне сенеді. Адалдыққа, жақсылыққа талпынады.				

13	Маша мен аю.	Хайуанаттар туралы түсіндіріп, ертегінің мазмұнын ашу.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	7.12
14	Менің досым көп	Негізгі кейіпкердің әрекетіне баға беріп, ойын еркін жеткізуге баулу.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	14.12
15	Жақсылық пен жамандық	ертегінің мазмұнын толық түсіну.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	21.12
16	Гүлдер қандай болады	Ертегіні оқып беру	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	28.12
17	Бауырсақ	Ертетегіні дұрыс тыңдай білуге үйрету.	Бауырсақ ертегісі қуыршақ театры.	1	11.01
18	Екі дос	Кейіпкердің мінезіне өз ойларын ортаға салып, түсіндіру.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	18.01
19	Ұр тоқпақ	Негізгі кейіпкерді таба біліп, іс - әрекетіне тоқталу	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	25.01
20	Жоғалтып алған күн	Ертегіні ұқыпты тыңдап, мазмұнын ашу, балаларды тиянақтылыққа үйрету.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	1.02
21	Төлдер айтысы	Ертегінің кейіпкерлерінің қылықтарына мінездеме беру.	Ешкілердің үстел үсті суреттері	1	15.02
22	Қар қандай	Ертегіні толық тыңдап, сұрақ қоя білуге үйрету.		1	22.02
23	Жігіттің жақсысы	Ертегі кейіпкерлерімен таныстырып ойларын ортаға салу.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	1.03
24	Қуыршақтар сөйлейді	Ертегіні түсіндіріп мазмұнын ашу.		1	10.03
25	Жалқау немере	Балаларға ертегіні оқып, ойларын түсінгенін сұрау.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	15.03
26	Бидай мен қаңбақ	Жетекшінің көмегімен сұраққа толық жауап барып, мазмұнын ашу.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	5.04
27	Шалқан	Өз ойларын ортаға салып, достарының пікірімен бөлісу.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	12.04
28	Төрт мезгіл	Ертегіні тыңдай білуге үйрету.	Ертегі	1	19.04

			туралы мазмұндық сурет		
29	Құстардың айтысы	Мазмұнын ашып, балаларға өз пікірін тыңдату.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	26.04
30	Мақтаншак бұғы	Ертегінің басқа ертегіден ерекшелігін түсіндіру, ұқыпты тыңдау	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	3.05
31	Еңбекпен ел көгерер	Балаларға өз пікірін айтуға үйрету.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	17.05
32	Ақ бидай. Бақша ағаштары	Мазмұнын ашып, балаларға өз пікірін тыңдату.	Ертегі туралы мазмұндық сурет	1	24.05

## Пайдаланған әдебиеттер:

### Тәрбиешіге арналған әдебиеттер:

1. «Алматы кітап» баспасы, қазақ тіліне аударған Ондасынова Б.Ә. Шымкент қаласы 1999ж
2. Ерте,ерте,ертеде Журнал Алматы 1998ж №4,5
3. Алматы «Өнер» баспасы құрастырған З.Садирова.2010ж
4. «Аруна» баспасы, аударған Т.Бектаев.2014ж
5. Көркем әдебиет,әдістемелік құрал«Аруна»баспасы,2010ж
- 6.«Отбасы және балабақша»журнал,2010-2014ж №3,5,7
- 7.Көркем әдебиет,әдістемелік құрал «Аруна»баспасы 2018ж
8. Үй жануарлары Ж Қалжанова Аруна баспасы 2015ж

### Тәрбиеленушілерге арналған әдебиеттер:

- 1.Әжемнің ертегілері Астана 1999ж
2. «Отбасы және балабақша»журнал,2010-2014ж №3,5,7
- 3.Көркем әдебиет хрестоматиясы «Аруна» баспасы
- 4.Басылым «Ақжар – АБК» Ақтөбе 2009 жыл
- 5.Балаларға арналған Хрестоматия «Дәуір-Кітап»2013ж
- 6 «Бозінген» Қ.Толыбаев Қ Құрманғалиев Алматы «Жалын»1985ж
- 7.«Ертегілер сыр шертеді» балаларға арналған ертегілер жинағы.2015ж



Қаралды пед. кеңесте  
№1 «дс» дс 2020ж



Бекітемін: Б.Ержанов  
Сұлтанат ЖОББМ-нің директоры



Келісетін: Жарымбетов.К.Д  
Ақпараттық білім бөлімінің басшысы

Тақырыбы:  
«Қызықты математика»  
МАД сыныбы

Орындады: Урдашева Г.  
Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі  
Ә/Б отырысында  
қаралды: Ә.М.  
(Ә/Б жетекшісі)

№ 01 хаттама 28 күні 08 айы, 2020ж.  
Тексерілді: А.Утегенова  
Оқу ісінің орынбасары



### Түсінік хат

Баланы мектепалды даялау үздіксіз білім беру жүйесіндегі педагогика ғылымдары мен практикасының ең басты өзекті мәселелері. Қазақстан президентінің 2030 – шы жылға арналған бағдарламасында барлық саланың жаңарту туралы мәселелер, оның ішінде білім саласы бағдарламасындағы жайлар атап көрсетілген.

Мектепалды дайындық баланың оқу мәселесін жақсы жағдайда болуына байланысты. Бүгінгі мектеп жасына дейінгі балалардан Қазақстан келешегі байқалады. Жаңа ұлттық тәрбиелеуде тәрбиенің мазмұны, ізгілендіру, жекелендіру, жаңа педагогикалық дамудың әлеуметтік бағытының түбегелі өзгеруін талап етеді.

Балабақшадағы мектепке даярлық тобындағы арнайы өтілетін сабақ кезінде балалар есінде түрлі заттың қасиеттері, сапалық сандық ерекшеліктері туралы ұғымдар қалыптасады. Соның нәтижесінде заттардың пішінінің, түсін, көлемін салыстыра білуге олардың кеністіктегі орнын ажыратуға дағдыланады.

Бағдарламалық материалды балаларға игерту үшін тәрбиеші баланы жәй санауға емес, ой – еңбегіне бейімдеуге олардың қиялын, санасын, зейінін дамытатындай есептерді ауызша шығара білуге үйретеді. Осы талаптарға сай вариативтік бөлімге берілген 1 сағаты «Қызықты математика» сабағына жоспар құрдым.

Бұл жоспар балалардың жас ерекшеліктері ескеріп мектепалды даярлау бағдарламасының талаптарына сай құрылған. Сабақ 1 вариативтік сағатқа жоспарланып, ойын түрде өткізіледі және математикалық сауықтар, дидактикалық ойындар, шытырмандар, логикалық есептер жазылды.

Жұмбақтар мен жаңылтпаштар, қаламақ пен санамақ, өткір өлеңдер, сергіту сәттері баланы қызықтырып көңіл – күйін қуанышқа бөлейді, әдемі машықтар, сөз өнерінің кестелері жақсы ұйкастар бәрі де балаға әсер беріп қиялын қанаттандырады, ойлауын дамытады.

Мектепалды даярлық топтарына арналған «Қызықты математика» вариативтік сағаты 5 – 6 жастағы баланың жас ерекшелігіне бағытталып жасалды. Тақырыптары қызықты тапсырмалар, логикалық есептер, санамақтар шығармашылық қабілеттің ашып, қызығушылығын артырады. Заттың түріне, түсіне, пішініне қарай салыстыру, әр затты өз қолдарымен ұстап, оған мән беру арқылы ішкі сезімге әсер ету, сонымен бірге баланың өздігінен ізденуі дамудың бірден – бір жолы.

**Мақсаты:** Баланың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, дүниетанымын кеңейту.

Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру. Балаларды көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге, олардың жалпы ойлау қызметін дамыту. Көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығын арттыру.

**Міндеті:** Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру, санап үйренуге деген ынтасын арттыру.

Меңгерулеріне лайықты жаттығулар, өздігінен орындайтын тапсырмалар, практикалық жұмыстар, логикалық ойын дамытатын, баланы жазуға жаттықтыратын, шығармашылық қабілетін оятып, пәнге қызығушылығын арттыратын жаттығулар жүйесі алма-кезек, әр түрлі деңгейде беріліп жүзеге асырылып отырылады.

**Күтілетін нәтиже:** Заттың түр түсіне қарай ажыратады. Есептеу, ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды, шығармашылық, қызығушылық қабілеттері артады.

Заттардың қасиеттері туралы түсініктері қалыптасады. Балалар заттарды салыстыра біледі.

Реттік және есептік санауды жаттығады. Заттардың өлшем, материал секілді қасиеттерімен танысады.

Заттардың үлкен және кіші санын анықтайды. Заттарды топқа бөліп үйренеді.

Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыланады. Ойлау қабілеттері дамиды.

Ой-қиялы, шығармашылығы дамиды.

## **Мазмұндық бөлім**

### **1.Қызықты пішіндер әлемі 8-сағат**

Бұл бөлімде балалар геометриялық пішіндермен танысады. Дөңгелек, шар, төртбұрыш, үшбұрыш туралы түсініктерін кеңейтеді. Жазықтықтағы бейнелерді құрастыру арқылы ойлау қиялдау қабілеттері дамиды.

### **2.Көңілді сандар әлемі 14-сағат**

Балалар 1-5 ке дейінгі сандардың дұрыс жазылуымен, берілген нүктелерді дұрыс қосу арқылы саусақтарын жаттықтыруға машықтанады. Қосу, азайту әлеміне саяхат жасау арқылы салыстыру азайту туралы білімдерін кеңейтеді.

### **3.Тапқыштар әлемі 10-сағат**

Санамақтар ребус сөз жұмбақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін, логикалық ойлауын дамытамыз.

### **Ақпараттық – әдістемелік бөлім.**

а) Сабакты қызықты, әрі тиімді өткізу мақсатында ойын технологиясын қолданамын. Заттың пішінін ажырата білуге, сандарды дұрыс, әдемі жазылуына мән беруге баса назар аударамын. Дидактикалық ойындар арқылы («Көршісін тап», «Кім жылдам», «Тез, ойлан» т.б.) балалардың ойлау қабілетін, ой – өрісін дамытсақ, санамақтар, ребус, сөз жұмбақтар, логикалық есептер арқылы есте сақтау қабілетін дамытып, ұшқыр ойға, ұтымды жауап беруге баулу, пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру. Ұқыптылыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

ә) Тапсырмаларды орындай отырып, алған білімді күнделікті өмірде қолдана үйрету.

Геометриялық фигуралармен танысып, оларды ажыратуды үйреніп өзінің айналасынан табатын болады. Сандарды есептеуді және салыстыруды үйренеді.

Балаларға топтық мадақтау жүйесін қолданам



№	Негізгі тақырыптар	Сағ. саны	Сабак мазмұны	Күні
I	<b>Қызықты пішіндер әлемі (8 сағат)</b> Бұл бөлімде балалар геометриялық пішіндермен танысады. Дөңгелек, шар, төртбұрыш, үшбұрыш туралы түсініктерін кеңейтеді. Жазықтықтағы бейнелерді құрастыру арқылы ойлау қиялдау қабілеттері дамиды. 1. Бірдей. Әртүрлі. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	1	Барлық геометриялық денелердің көлемі болатындығын түсіндіру. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру	4.09
	2. Сандарға арналған ребустар.	1	Үзік сызықтарды бастырып дөңгелек салуды үйрету.	11.09
	3. Нүкте. Түзу. Кесінді.	1	Үзік сызықтарды көрсетілген нүктеден бастап, қосып әртүрлі суреттер салуды үйрету.	18.09
	4. Айырмашылығын тап "Өлке" 26-28 бет	1	Төмендегі бейнелерді таяқшалармен құрастыру және айырмашылығын табу.	25.09
	5. Бүтін және бөлік.	1	Үзік сызықтарды көрсетілген нүктеден бастап қосып, әр түрлі үшбұрыштар салуды үйрету.	2.10
	6. Заттың пішіні. үшбұрыш.	1	Үзік сызықтарды белгіленген нүктеден бастап, берілген бағыт бойынша салуды үйренеміз.	9.10
	7. Сурет ойлап тап.	1	Төмендегі суреттердің жартысын тауып, суреттерді сызық арқылы қосуды үйрету.	16.10
	8. Моншак тіз.	1	Түстерін ажыратып моншак тізу және санау	23.10
II	<b>Көңілді сандар әлемі (14 сағат)</b> Балалар 1-5 ке дейінгі сандардың дұрыс жазылуымен, берілген нүктелерді дұрыс қосу арқылы саусақтарын жаттықтыруға машықтанады. Қосу, азайту әлеміне саяхат жасау арқылы салыстыру азайту туралы білімдерін кеңейтеді. 1. 0 саны мен цифры	1	Санды жазып жазып үйрету.	30.10
	2. Не қайда орналасқан?	1	Жасырын заттарды табуды үйрету	20.11
	3. 1 саны	1	Бір санын жазып үйрету.	27.11
	4. Әзіл-өлең есептер	1	Суретті ажырату.	4.12
	5. 2 Саны	1	Екі санын үйрету.	11.12
	6. 3 Саны	1	Үш санын үйрету.	18.12
	7. Есте сақтау қабілетін арттыру	1	Есте сақтауға немесе арттыруға арналған заттармен жұмыс жасау.	25.12
	8. 4 Саны	1	Төрт санын үйрету.	15.01
	9. 5 Саны	1	Бес санын үйрету	22.01
	10. 6 Саны	1	Үзік сызықтарды қосу Суретке карап санау	29.01
	11. 7 Саны	1	Жеті санын үйрету	5.02
	12. Азайту әлеміне саяхат	1	Заттарды азайтуға үйрету	19.02
	13. Есеп	1	Есеп шығаруға үйрету	26.02
	14. 8 Саны	1	Сегіз санын үйрету.	5.03

III	<b>Тапқыштар әлемі (10 сағат)</b> Санамақтар ребус сөз жұмбақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін, логикалық ойлауын дамытамыз.			
	1. 9 Саны	1	Суреттегі заттарды санауға үйрету	12.03
	2. 10 Саны	1	Ойлау қабілеттерін арттыру	19.03
	3. 11 Саны	1	Ойлауға, жазуға қабілеттерін арттыру	2.04
	4. Дидактикалық ойындар	1	Ойлау қабілеттерін дамыту	9.04
	5. +/- таңбалары	1	Ал санайық санамақ, саусақтарға қарап ап, қане қане	16.04
	6. 12 Саны	1	Санайық, санын біліп алайық	23.04
	7. Сандар қатары	1	1,2,3,4,5 қолымда сонда саусағым нешеу?	30.04
	8. Жасырын жұмбақ есептер	1	Балалар жұмбақ есептерді ойлау арқылы есеп шығаруға баулу	7.05
	9. Кім тапқыр?	1	Шартта көрсетілген сандардың мәнін таба отырып жауабын жазу	14.05
10. Қорытындылау	1	Қол жаттығуларын жасату, жазуға қолдарын машықтандыру. Қорытындылау	21.05	

## Пайдаланған әдебиеттер

### Балаларға арналған әдебиеттер:

1. Математика "Логика" "Өлке" баспасы 2012 ж

Авторлары: Ардак Мұқышева, құрастырған Рамазан Омаров.

2. "Аруна баспасы" 2007 ж "Геометриялық фигуралар" Авторлары: Г. Долженко. Е. Өтетлеуұлы.

А. Байгабылова

3. "Қызықты математика" 2013 ж Авторы: Куканбаева Светлана Алимовна.

4.3 .А.Михайлова 1985жыл «Игровые занимательные задачи для дошкольников»

5.Алматы «Рауан»1971жыл.М.Сәтімбекова «Санауды үйренейік»

6.Астана.Алматы 1999ж.Балабақша 5-7жастағыбалаларды мектепалды даярлау бағдарламасы.

### Мұғалімге арналған әдебиеттер:

1.Алматы 2000жыл «Отбасында баланы мектепке дайындау»

2.М.Посвещение 1988г.Л.С.Метелина «ФЭМП»

3. «Халық ауыз әдебиетінің жинағы»

4.Колесникова Е.В.Математика для детей 5-6лет учебно-методическое пособие к рабочей тетради

«Я считаю до 10».Издание 2-е,дополнение ипереработанное.Творческий центр,М.2009г

5.Корнеева Г.А. Мусейбова Т.А Методическое указания к изучению курса «Формирование

элементарных математических представлений у детей дошкольного возраста»-М.2000г



Каралды пед. кеңесте  
№ 1 «28» 08 2020ж



Бекітемін: Б.Ержанов  
Сұлукөл ЖОББМ –нің директоры



Келісілді: Жарымбетов.К.Д  
Аудандық білім бөлімінің басшысы

Тақырыбы:  
« Бояулар сыры »  
МАД сыныбы

Орындады: Урдашева Г.  
Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі  
Ә/Б отырысында каралды: Amf  
(Ә/Б жетекшісі)  
№ 01 хаттама 28 күні 08 айы, 2020ж.  
Тексерілді: Утегенова А.  
Оқу ісінің орынбасары

## Түсінік хат

Бағдарлама мектепке дейінгі тобында осы бағдарлама сағатын оқытуға арналған. Жалпы сағат саны-32, ал аптасына 1 сағат өткізуге жоспарланған.

Әр түрлі әдістер балалардың әртүрлі тәсілдермен танысып, ойлау, қиялдау дағдыларын дамытады. Оларды бөліп қарасақ мынадай әдістермен: қляксография, монопия, жіппен салу, саусақ таңбасын басу,мақта тампонымен салу, үрлеу әдісі, қатты қағазбен салу, ұмақдалған қағазбен сурет салу, қляксокрофия саусақ таңбасы, воск қарындаштармен салу, тұзбен сурет салу, алақанмен салу, сулы қағазға сурет салу тәсілдері арқылы жұмыстар жасалынады. Балалардың ой өрісі дамып, жұмыс жасағанда өзін дербес әрекет жасауға дағдыланады. Дәстүрлі емес сурет салудың жана түрлерін үйренеді.

### **Мақсаты мен міндеттері:**

Балаларға адам өмірінің сурет өнерімен байланыста болу себебін түсіндіру; өнерге деген эмоциялық қарым – қатынасын дамыту; сурет салудың түрлі әдістерін үйрету және сурет салу кезінде бояулар үйлесімділігін таңдау қабілетін дамыту; арнаулы түс шығару үшін бояуларды араластыру жолдарын үйрету, түрлі материалдармен жұмыс кезінде фантазиясын дамыту. Психикалық қабілеттерін, ойлау есте сақтау, қиялын дамыту.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту

Балаларды ұжымдық жұмысқа қызығушылығын тудыру;

Эстетикалық талғамын қалыптастыру;

Тиянақтылыққа, өз ісіне жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтиже**

Сурет сабағында сурет салудың түрлі әдістерін үйрету; түстерді үйлестіре біледі, түрлі материалдармен жұмыс барысында қолдары жаттығады; эстетикалық талғамдары, шығармашылық қабілеттері артады және еңбек сүйгіш адам қалыптасады. Қарындаштармен дұрыс сурет салуды білу; өз беттерімен тапсырма орындауды Қарындаштардың барлық түрлерімен жұмыс жасауды үйренеді.

### Мазмұндық бөлім

#### 1. Сиқырлы суретші – 6 сағат

Қыл қаламдар, фломастер, майлы қарандаштар, мақта тампондарын пайдалана отырып жұмыстар жасап үйретуге қалыптастыру.

#### 2. Кляксография – 16 сағат

Қағаз бетіне әртүрлі тәсілдермен суреттің бейнесін салуды үйрету. Соның ішінде: алақанмен сурет салу, саусақ таңбасымен, өшіргішпен, тіс щеткасымен, тұзбен, желіммен, май шаммен сурет салу тәсілдері қолданылады.

#### 3. Монопия – 10 сағат

Қағазды екіге бүктеп, бояуларды жағу арқылы, жіпті әр бағытта қозғау арқылы, целлофанмен жұмыс, қатты қағазбен, умаждалған қағазбен, сулы қағазға сурет салу, қатты картонмен жұмыс жасау тәсілдері жатады.

#### Ақпараттық әдістемелік бөлім:

- а) Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру, субояқты тамшылата отырып, одан ұқсас бейнені дамытып шығаруға деген ынтасын арттыру. Сурет салуда түрлі құралдармен жұмыстану дағдыларын қалыптастыру.
- ә) Сабақты қызықты өткізу мақсатында ойын технологиясы, көркемсөз, жұмбақтар шешу, мақалды жаңылтпаштар айту тәсілдерін қолданамын. Сол арқылы балалардың қызығушылығын оятып, сабаққа деген талпынысы артады. Сурет салудың әртүрлі тәсілдерімен (өшіргішпен, саусақпен, тұзбен, қатты картонмен) т. б. салу баланың ой-өрісін қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін шыңдайды.
- б) Әрбір жасалған жұмысқа жеке-жеке тоқталып мадақтаймын.



Барлығы -32 сағат. Аптасына – 1 сағат

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Сағ.	Күні
	Сикырлы суретші – 6 сағат. Қыл қаламдар, фламастер, майлы қарандаштар, мақта тампондарын пайдалана отырып жұмыстар жасап үйретуге қалып-тастыру				
1	«Суретші» Қыл қаламдар	Балаларды қыл қаламдар түрімен таныстыра отырып, олардың қағаз бетіне әр түрлі із қалдырғанын көрсету. Олармен қалай жұмыс жасау, қалай қолдануды игеру, әр түрлі қылқаламның ізін қалдыра отырып, өрнектер құрастыра білуге үйрет	Қыл қаламдар	1	3.09
2	Алтын күз	Бейнелеудің жаңа тәсілін меңгерту. Бояу жұғындысы неге ұқсайтынын табу, ойлау – қиялдау дағдыларын дамыту. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптандыру	Сурет	1	10.09
3	Жапырақтар түсіп жатыр	Бейнелеудің жаңа технологиясын меңгере отырып, балалардың қиялдарын дамытуды жалғастыру, сурет салуға деген қызығушылығын ояту.	сурет	1	17.09
4	Көбелектер	Баланың дәстүрлі емес сурет салу дағдыларын жетілдіре отырып, оған қызығушылығын арттыру. Жәндіктер туралы, көбелек туралы білімін толықтыру.	сурет	1	24.09
5	Жеміс -жидек	Жеміс-жидектерді салуды меңгерту. Өздері салған суретке қызығушылық арттыру, шығармашылық, ойлау, қиялдау дағдыларын дамыту	Сурет	1	01.10
6	Ағаштардың суретін саламыз	Күзгі ағаштардың суретін салуға қызығушылығын ояту, оны саусақ таңбасын қалдыру арқылы бейнелеуді меңгерту.	Сурет	1	8.10
	Кляксография – 16 сағат Қағаз бетіне әртүрлі тәсілдермен суреттің бейнесін салуды үйрету. Соның ішінде: алақанмен сурет салу, саусақ таңбасымен, өшіргішпен, тіс шеткасымен, тұзбен, желіммен, май шаммен сурет салу тәсілдері қолданылады.				
7	Күннің суретін салу	Дәстүрлі емес сурет салудың жаңа түрін үйрету, ойлау, қиялдау, бояуды ұқыпты қолдануға жаттықтыру.	Сурет	1	15.10
8	Бұлттардың суретін салу	Мақталы тампонмен сурет салу әдісін меңгерту. Акварель бояуының қасиеттерімен таныстыру.	сурет	1	22.10
9	Жаңбырдан кейінгі күзгі орман	Балаларың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру арқылы ойын дамытып, қиялын шарықтауына ықпал беру. Дәстүрлі емес сурет салуды жалғастыру. Тал, ағаштардың бейнесін елестете білу. Бейнелеу шеберліктерін дамыту.	сурет	1	29.10
10	Қысқа көкөністер әзірлейміз	Қатты қағазды пайдаланып сурет салу дағдыларын жетілдіру. Балалардың әр түрлі заттармен сурет салу шеберліктерін, оған деген	Сурет	1	19.11

		қызығушылығын арттыру. Көркемдік талғамын қалыптастыру.			
11	Менің сүйекті ыдысым	Балаларды әр түрлі материалды пайдалана отырып, ептілік пен жұмыс жасай білуге үйрету. Ыдыстар туралы білімдерін молайту.	сурет	1	26.11
12	Менің ойыншығым	Икемділікке дағдыландыру, іскерліктерін дамыту. Әдемі етіп салған суреттеріне қызығушылық-тарын дамыту.	сурет	1	3.12
13	Қысқы түн	Балаланың әр түрлі заттармен бейнелеу шеберліктерін арттыру. Қыс туралы білімдерін молайту. Таза, ұқыпты жұмыс жасауға еңбек сүйгіштікке, бастаған істі аяқтауға үйрету	сурет	1	10.12
14-15	Әжемнің құрақ көрпесі	Бояу түстерін реттестіре қолдану-ды меңгерту. Суреткедеген қызығушылығын арттыру, төсек орын туралы білгендерін толықтыру.	сурет	2	17-24
16	Шырша	Балаларға жана-жыл мерекесі туралы әңгімелеп және мереке туралы түрлі суреттер көрсету. Майлы қарындаштармен сурет салу, шеберліктерін дамыту. Өзінің және жолдастарының салған суреттерін бағалай білуге үйрету.	сурет	1	14.01
17	Жұлдызды аспандағы ракета	Ғарыш, ғарышкерлер туралы білімдерін толықтыру. Патриоттық батылдыққа тәрбиелеу. Бейнелеудің жана әдісі шетқамен шашырату әдісін меңгеру.	сурет	1	21.01
18	Аққалла	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды алақанның әр қырымен сурет салуға үйрету. Аққаланың суретін салғызу.	сурет	1	28.01
19	Үй тұрғызамыз	Қатты қағазбен салуды жалғастыру. Ойлау, салған суретін күрделілендіру, кірпіштен үй қалайтынын көрсете білу. Қатты қағазды әр түрліше жылжыта білуге меңгеру.	сурет	1	4.02
20	Қысқы түн	Балалар май шаммен де сурет салуға болатынын меңгерту. Сюжетті сурет салу дағдыларын арттыру. Табиғаттың әр мезгілін бейнелеуге үйрету және оның әсемдігін сезіне	сурет	1	18.02
21	Шалбар мен белдік	Баланың өз қалауы бойынша сурет салу дағдыларын жетілдіре отырып, салған суретін толықтырып, бояп салуды жетілдіру	сурет	1	25.02
22	Үй жануарлары мен құстары	Балаларға (майлы қарандашпен) сурет салуды жалғастыру. Үй жануарлары мен құстары туралы түсініктерін кеңейту.	сурет	1	4.03



	Монопия – 10 сағат Қағазды екіге бүктеп, бояуларды жағу арқылы, жіпті әр бағытта қозғау арқылы, целлофанмен жұмыс, қатты қағазбен, ұмақдалған қағазбен, сулы қағазға сурет салу, қатты картонмен жұмыс жасау тәсілдері жатады.				
23	Наурыз	Балаларға көктем мезгілінде келетін наурыз мерекесі туралы түсіндіру. Күн мен түн теңелетінін, жылы жаққа кеткен құстар қайтып оралатыны туралы әңгімелеу. Сурет салғызып әдемі етіп бояту.	сурет	1	11.03
24	Не салғың келеді?	Балалардың өз қалауы бойынша сурет салу дағдыларын жетілдіре отырып, салған суреттерін клеймен толықтырып, бояп салуды жетілдіру	сурет	1	18.03
25	Кемпіркосак	Балаларға воск (майлы қарандашпен) сурет салу шеберліктерін дамытуды жалғастыру.		1	1.04
26	Жаңбыр	Балаларға көктем мезгілінде күн құбылмалы болатынын түсіндіру. Жаңбыр туралы түсінік беру, әр түрлі жаңбыр түрлерімен таныстыру, суретін салып бояту	сурет	1	8.04
27	Көктем көрнісі	Балаларды иллюстрация бойынша көктем беінесін көркем беінеелеуге үйрету. Суреттен алған әсерін сөзбен жеткізе білуге баулу	сурет	1	15.04
28	Құм дала	Балалар май шаммен де сурет салуға болатынын меңгерту. Сюжетті сурет салу дағдыларын арттыру. Табиғаттың әр мезгілін беінеелеуге үйрету және оның әсемдігін сезіне білуге, аялай білуге тәрбиелеу	сурет	1	22.04
29	Су асты патшалығы	Балаларға судың маңызын, ерекшелігін айту Табиғатқа деген саналы көзқарасқа тәрбиелеу	сурет	1	29.04
30	Су астында нелер мекендейді?	Бұрын игерген әр түрлі тәсілмен сурет салу дағдыларын бекіту. Су астында мекендейтін жәндіктер туралы білімдерін молайту	сурет	1	6.05
31	Аквариумдағы балықтар	Аквариумдағы балықтар туралы айту. Балалардың бұрын игерген әр түрлі тәсілмен сурет салу шеберліктерін тиянақтау.	сурет	1	13.05
32	Алуан – алуан жапырақ	Балаларға салынған суретті сулап, оған әр түрлі бояулар тамызу арқылы өзгеше аралас түстер алуға болатынын ұғындыру.	сурет	1	20.05



### **Тәрбиешіге арналған әдебиеттер**

1. А. В. Никитина «Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнеріне үйрету әдістемесі» 1997ж
2. Т. С. Комарова «Обучение детей технике рисования» М:Просвещение 1997 г
3. Н. П. Костерин «Учебное рисование» М:Просвещение 1994г
4. Е. Каменова «Кемпіркосақтың түсі қандай?» Алматы 2014ж
5. «Методика обучения изобразительной деятельности и конструированию» Москва, Просвещение 1991г
6. «Бейнелеу өнері» М.Н Нүсіпбекова Алматы 1997ж
7. «Бейнелеу өнері» Әдістемелік құрал Н.АКорольenkova, А.АОналбаева 2013ж

### **Тәрбиеленушілерге арналған әдебиеттер:**

1. С.С Попова «Сурет салу» Астана 1999ж
2. «Қызықты сурет салу» Алматы кітап баспасы, 2017ж
3. «Суреттерді бастырып салу» балапанның дәптері 2016ж
4. «Натюрмортты бояу» суретті аяқтап салып бояу 2015ж
5. «Ата-анамен бірге сурет саламын» оюлардың орналасу ретін табу. Оқушыға арналған көмекші құрал Алматы 2000ж